



Н.Н. Ақпанбет ^{*1}, Н.Е. Сайлаубаева ²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD, аға оқытушысы,
Астана, Қазақстан Республикасы
(E-mail: n.19-79@mail.ru)

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің т.ғ.к., доцент,
Астана, Қазақстан Республикасы
(E-mail: n76l@mail.ru)

ӘУЛИЕАТАДАҒЫ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕЛУІ



Аңдатпа

Мақаламызда Әулиатадағы тарихи ескерткіштерге шолу жасау, ескерткіштер түрлеріне кесене-лерге қарай талдау жасауға тырысамыз. Сондай-ақ, мәдени мұраны сақтау және насихаттауға қо-сылған үлесінде көрінеді. Әулиеатаның археологиялық ескерткіштері, тарихи орындары және мәдени дәстүрлері ұмытылмас мұра болып табылады, оны зерттеу және танымал ету ұлттық тарихтың байлығы мен көпқырлылығын ашады. Бұл, өз кезегінде, ұлттық мәдениеттің нығаюына ықпал етеді.

Қазіргі замандағы қоғамның өркендеуі және технологиялық даму жағдайында мәдени мұраны сақтау және оны цифрландыру арқылы жеткізу Әулиеата сияқты тарихи қалалардың маңызын одан әрі арттырады және тарихи мұраға деген құрметпен қарауға және оның қоғамдағы ролін түсінуге тәрбиелейді. Осы тұрғыда Әулиеата қаласының кесенелерінің салыну туралы салыстырылады. Тараз-Талас атауы тарихымызда алар орны ерекше. Екі мың жыл бұрын қала қаланып, Батыс Түрік қағанаты құрылып, бүкіл түркі әлемі ислам дінін қабылдап, ғылым мен мәдениеттің ордасына айналды. Талас шайқасы сынды тарихи оқиғалар орын алған, Қазақ хандығының іргесі қаланған, Шығыстың әлемге әйгілі Фирдоуси, Рудаки сынды ақындарының шығармашылығына ұйытқы болған киелі шаһарға тағзым етеді. Халқымыз оны «Әулие ата» деп атаған.

Мақаламызды дайындау барысында тарихшылар мен археологтардың еңбектері негізге алынды. Еңбегіміздің жазу тарихи мәдени ескерткіштердің қалыптасуында маңызды рөл ойнағандығын және Әулиата қаласының өз орны бар екендігін нақты деректермен жеткізу.

Кілт сөздер: материалдық мәдениет, кесенелер, тарихи ескерткіштер, дәстүрлер, ортақ мәдениет.

Ақпанбет Н.Н. ^{*1}, Сайлаубаева Н.Е. ²

¹ PhD, Старший преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан
(E-mail: n.19-79@mail.ru)

² К.и.н., доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан
(E-mail: n76l@mail.ru)

НАУЧНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ В АУЛИЕАТЕ



Аннотация

В нашей статье мы попытаемся рассмотреть исторические памятники Аулиаты, проанализировать типы памятников по мавзолеям. Он также увидел свой вклад в сохранение и популяризацию культурного наследия. Археологические памятники, исторические объекты и культурные традиции Улеаты составляют незабываемое наследие, а его исследования и

разработки раскрывают богатство и разнообразие национальной истории. Это, в свою очередь, было результатом национальной культуры. В условиях процветания и технологического развития современного общества сохранение культурного наследия и его цифровизация еще больше повышают значимость таких исторических городов, как Аулията, и способствуют уважению к историческому наследию и пониманию его роли в обществе. В этом контексте сравнивается строительство мавзолеев города Аулят. Имя Тараз-Талас занимает особое место в нашей истории. Две тысячи лет назад был построен город, основан Западно-Тюркский каганат, весь тюркский мир принял ислам и стал центром науки и культуры. Он отдает дань уважения священному городу, где произошли такие исторические события, как Таласская битва, был заложен фундамент Казахского ханства и который вдохновил творчество всемирно известных поэтов Востока, таких как Фирдоуси и Рудаки. Наши люди называли его «Святой Дедушка».

При подготовке нашей статьи за основу были взяты труды историков и археологов. Наша цель – донести на реальных данных, что письменность сыграла важную роль в формировании памятников истории и культуры и что город Аулиата имеет свое место.

Ключевые слова: материальная культура, мавзолеи, исторические памятники, традиции, общая культура.

Akpanbet N.N. ¹, *Saylaubaeva N.E.* ²

¹ *PhD, Senior Lecturer of the Department of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

(E-mail: n.19-79@mail.ru)

² *Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan*
(E-mail: n76l@mail.ru)

SCIENTIFIC RESEARCH OF HISTORICAL MONUMENTS IN AULIE ATA

Abstract

In our article we will try to consider the historical monuments of Auliata, analyze the types of monuments by mausoleums. He also saw his contribution to the preservation and popularization of cultural heritage. The archaeological sites, historical sites and cultural traditions of Uilleata constitute an unforgettable heritage, and its research and development reveals the richness and diversity of the national history. This, in turn, was the result of national culture. In the context of prosperity and technological development of modern society, the preservation of cultural heritage and its digitalization further enhance the significance of historical cities such as Auliyata and promote respect for historical heritage and understanding of its role in society. In this context, the construction of the mausoleums of the city of Auliyat is compared. The name Taraz-Talas occupies a special place in our history. Two thousand years ago, the city was built, the Western Turkic Khaganate was founded, the entire Turkic world accepted Islam and became the center of science and culture. It pays tribute to the holy city, where historical events such as the Battle of Talas took place, the foundation of the Kazakh Khanate was laid and which inspired the work of world famous poets of the East such as Ferdowsi and Rudaki. Our people called him "Holy Grandfather."

When preparing our article, the works of historians and archaeologists were taken as a basis. Our goal is to convey, using real data, that writing played an important role in the formation of historical and cultural monuments and that the city of Auliata has its own place.

Key words: material culture, mausoleums, historical monuments, traditions, general culture.

Кіріспе

Әулиеата (қазіргі Тараз) қаласы бірнеше мыңжылдықтар бойы өркениеттер мен мәдениеттердің тоғысқан нүктесі ретінде қызмет еткен. Бұл көне қала Ұлы Жібек жолының маңызды бекеттерінің бірі болып, шығыс пен батыс арасындағы сауда мен мәдени алмасудың орталығы ретінде танылған. Осыған байланысты, Әулиеата тарихы мен ескерткіштері тереңірек.

Сонымен қатар, «Әулиеатадағы тарихи ескерткіштер» тақырыбы туристік потенциалды дамытуға және экономикалық мүмкіндіктерді кеңейтуге үлес қосады. Қаланың тарихи және мәдени орындарын жандандыру арқылы Тараз қаласын халықаралық туризм картасында танымал етуге болады. Әулиеатаның ерекше географиялық орналасуы ертеден және орта ғасырларда оның дамуына және гүлденуіне ықпал еткен. Қаланың маңызды сауда жолдарының қиылысында орналасуы мәдени алмасуды және әр түрлі өркениеттердің ықпалын күшейтіп, оның архитектурасына, өнеріне, дініне және тұрмыс салтына әсер еткен. Әулиеата мәдени мұрасы архитектуралық ескерткіштер мен тарихи орындардан бастап дәстүрлі мерекелерге, музыкаға, халық әңгімелері мен аңыздарға дейінгі кең ауқымды элементтерді қамтиды.

Мақаланың маңызды бөлігі әр түрлі тарихи кезеңдерде, соның ішінде заманауи кезеңде қаланың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын талдау болып табылады. Сондықтан Әулиеата тарихы ескерткіштер мен мәдениетін толық зерттеуге бағытталған, бұл тек қаланың өткенін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар оның болашақ даму бағыттарын және мәдени мұрасын сақтау стратегияларын анықтауға көмектеседі.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Қарастырып отырған мәселенің барысында Әулиеатадағы тарихи ескерткіштер бойынша ғылыми айналымға енген тарих-археологиялық материалдар мен еңбектер, XX ғасырдың басындағы, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдегі, заманауи зерттеулерде шыққан еңбектер тартылды. Қаланың тарихы мен мәдениетін зерттеуші ғалымдардың еңбегі бірінші кезекте зерделенді. XX ғасырдың басында жазылған еңбек болғанымен, кітапта Әулиеата қаласының тарихы қозғалған. Зерттеуімізде орыс және Қазақстандық археологтар мен тарихшылардың еңбектері негізге алынды, Әулиеата қаласында тарихи ескерткіштерін зерттеген археологтарының жазбалары мен еңбектері қолданылды. Атап айтқанда, В.А. Каллаурдың «Древние местности Аулие-Атинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в Восточный Туркестан», М.А. Даутбаевтың «Әулие ата-Қарахан, Айша бибі, Тектұрмас әулиелер», А.Маргулан, Т.Басенов, М. Мендикуловтың «Архитектура Казахстана» кітаптары мен жинақтары қолданылды. Одан бөлек А.Н. Бернштамның Талас өзенінің бойына археологиялық зерттеулер туралы жазылған «Семиреченской археологической экспедиции 1936-1938 гг. Таласская долина» атты еңбегі пайдаланылды. Талас өзенінің бойындағы ескерткіштерді зерттеуге О.Ж. Ошановтың «Тараз — Жемчужина Шёлкового пути (Краткая история города Тараз: от Гуннской Орды до Республики Казахстан)», Қ. Байпақовтың «Қазақстанның ежелгі қалалары» еңбектері зор мүмкіндік береді. Сонымен қоса, өңірден шыққан тұлғалар жайында жазған Ә. Дербісәлиевтың «Қазақ даласының жұлдыздары» атты еңбегі пайдаланылды. Онда көне шаһардан шыққан атақты тұлғалар туралы жалпы мәліметтер беріледі. Н.Төрқұлдың «Даланың дара ділмарлары», және М.Жолдасбековтың «Асыл сөздің атасы: зерттеулер» Домромыслов А.И. Сырдария облысының қалалары еңбектері арқау болды.

Материалдар және зерттеу әдістері

Қазіргі Тараз қаласының көне тарихы мен мәдени ескерткіштерін жаңа көзқараста қарастыру болып отыр. Осы тұрғыда хронологиялық тұрғыдан қарағанда, мәдени ескерткіштердің өзара ұқсас салыстырмалы тұрғыда өзара байланыста болуы мүмкін. Археологиялық материалдар жарияланған материалдар мен зерттеулерді талдау үшін ортақ тарихи – салыстырмалы әдістер қолданылды. Деректер берілген әдебиеттердің хронологиясына қарай тарихнамалық тұрғыда пайдалану зерттеу жұмысының тиімділігін арттырды. «Әулиеатадағы тарихи ескерткіштер» тақырыбы, бұл қала өзінің көне құрылыстары, бай мәдени дәстүрлері және тарихта алатын орны арқылы қарастырылады. Әулиеата - бұл көптеген мәдени және тарихи дәуірлердің куәсі болған, өзінің бай мұрасын сақтауға және

дамытуға үлес қосқан қала. Оның тарихи және мәдени дамуы зерттеудің басты нысаны болып табылады, ол кең ауқымды өлшемдер мен кезеңдерді қамтиды.

Талдау

Әулиеатадағы тарихи ескерткіштер көне дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі тарихи және мәдени дамуына кешенді түрде көзқарас беру арқылы ашылған. Бұл зерттеу ғылыми айналымға енген тарихи-археологиялық материалдар мен еңбектер негізінде Әулиеата қаласының мәдени мұрасы мен тарихы сипатталды. Мұндағы негізгі жаңалық - қаланың тарихи және мәдени өзгерістерін жан-жақты талдау негізінде оның дамуындағы кезеңдерді анықтау және бағалау.

Бұл зерттеу Әулиеата қаласының тарихындағы бұрын елемеушілікке ұшыраған аспектілерді қайта бағалауға мүмкіндік береді, сонымен қатар қала тарихының белгілі кезеңдерін жаңа дерек көздері арқылы толықтырады. Зерттеу арқылы алынған жаңа ақпарат Қазақстанның және Орталық Азияның кең ауқымды тарихы мен мәдениетін түсінуде маңызды рөл атқарады.

Бұл зерттеу әрі қарайғы тарихи және мәдени зерттеулер үшін негіз болып, Әулиеата қаласының тарихы мен мәдениетін тереңірек зерделеуге жол ашады.

Нәтижелер

Мақалада деректердің мазмұнында Әулиеатадағы тарихи ескерткіштер халықтардың мәдениетіне ортақ ұқсастықтар жеткілікті. 751 жылы Талас өзенінің маңында құрамында қара түркештері бар қытайлар арабтармен соғысқан. Бұл шайқас тарихта Атлах шайқасы атымен қалды. Бұл соғыс туралы деректерде: екі жақтың әскерлері 751 жылдың шілде айында Таластың бойында жиналды. Ұрысқа бірден түсуге батылдары бармай, 5 күннен кейін қарлұқтар қытай-ларға шабуыл жасады, сол кезде екінші жағынан арабтар соққы берді. Қытайлар шегінуге мәжбүр болды. Арабтар мен үнемі соғысудың нәтижесінде түркеш қағандары әлсіреп, ақырында қарлұқтардан жеңіліп қалады, сөйтіп қарлұқтар 744 жылы өз мемлекеттерін құрады. Аса ірі көшпенді және жартылай көшпенді Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның халықтары: тухси, шығылы, азкештер, түркештер, халаджы, шарұқтар, барысхандар.

766 жылдан бастап Талас - Тараз деп атала бастады. Сан ғасырлық тарихында қазақ халқы талай-талай қасіретті дәуірлерді басынан кешірді. Бүгінгі азаттық жеткенше қазақ жерінде моңғол шапқыншылығының ойраны, екі ғасырдан аса жоңғорлармен шайқас, үш ғасырға жуық патша Ресей мен Кеңес өкіметінің отарлауы - осының бәрі халқымыздың басына төнген ауыр қасірет еді. Әулие ата есімі бұл қаланың киелілігін, халқымыздың оған деген құрметін, сүйіспеншілігін білдіреді. Бұл есімдер жазылған тарихи естеліктермен бірге өткеннің рухани байлығын бүгінгі ұрпақты сақтауда маңызды рөл атқарады. Халқымыз Қожа Ахмет Йасауи атамыз сияқты Әулие атаны ерекше құрметтеп, жүрегінде ерекше орын алғаны сондықтан. Атасы Қараханның атын мәңгілікке қалдырған Қарахан әулие түркі даласында ислам діні алғаш нұр шашқан Қарахан мемлекеті тұсында өмір сүріп, оның тарихына үлкен ықпал етті деп санаймыз.

Қаншама тағдырлардың тауқыметін тартса да, қазақ халқы рухының мықтылығымен жер бетінен жойылып кетпей біртұтастығын сақтап қалды. Осындай аумалы-төкпелі замандардан өткен Әулиеата өңірі 1939 жылы өз алдына Жамбыл облысы болып қайта құрылды.

Әулиеата қаласының мәдениеті мен ескерткіштер тарихы – бұл күрделі әрі бай мұра, ол Қоқан хандығының, кейінірек Ресей империясының ықпалы астында дамыған. Қаланың қалыптасуы мен дамуы, тұрғындарының әлеуметтік және экономикалық өмірі, мәдени және діни құрылым-дарының ерекшеліктері Қазақстанның тарихында ерекше орын алады. Әулиеата қаласының тарихы осы аймақтың мәдени және тарихи ландшафты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Таластың кейінгі тағдыры оның Жібек жолының бойында орналасқанына байланысты болды. Археологиялық қазбалардан табылған римнің, тиындары Таластың сол

кезде-ақ Орта Азиямен, Орталық шығыстың елдерімен байланыста болғанын дәлелдейді. VI-VIII ғасырдағы жазбаларда Талас қаласын «Көпестер қаласы» деп атағандығын айтады.

Көп жылдар бойы қаланың құрылу уақытын 568 жылы осы өлкеге Византия императоры Юстиниан 2-ші түріктерді өз жағына өткізу үшін келгендігімен байланыстырған. Ол кезде Талас 552 жылы құрылған Түрік қағанатының құрамына кіретін. 603 жылы Түрік қағанатынан бөлініп шыққан Батыс Түрік қағанаты бөлініп шыққан. Олар Шығыс Түркістаннан Амударияға дейінгі жерді мекендеді. 629 жылы Қытайдың саяхатшысы Сюань-Цзян: Цянь-цюаньнан батысқа қарай 140-150 шаршы жүргеннен кейін біз Даласы (Талас) деген қалаға келдік. Қаланың шекарасы 8-9 шаршы шақырым. Ол қалада әр елдің саудагерлері өмір сүреді екен. Олардың тілдері, салт-дәстүрлері мен заңдары Қытайдікіндей, дейді [1, 107].

VIII ғасырдың басында (704 ж.) Батыс Түрік қағанатынан Түркештер бөлініп шығады, олар Іле өзенінен келіп, Шаш (Ташкент) қаласынан Турфан, Бесбалыққа дейінгі жерді мекендеді. Бас қаласы Суяб қаласы, екінші бас қалалары Кунгут болды. Түркештер қара және сары болып екіге бөлінді. Қара Түркештер Талас өзенінің бойын қоныстанды. VIII ғасырдың ортасында Таразды астана етіп жариялады. Мемлекеттің сыртқы саясаты қиын болды. Соғдылармен қосылып Түркештер арабтарға қарсы соғысты. Оңтүстіктен Тан мемлекеті қауіп төндірді.

751 жылы Талас өзенінің маңында құрамында қара түркештері бар қытайлар арабтармен соғысты. Бұл шайқас тарихта Атлах шайқасы атымен қалды. Бұл соғыс туралы деректерде: екі жақтың әскерлері 751 жылдың шілде айында Таластың бойында жиналды. Ұрысқа бірден түсуге батылдары бармай, 5 күннен кейін қарлұқтар қытайларға шабуыл жасады, сол кезде екінші жағынан арабтар соққы берді. Қытайлар шегінуге мәжбүр болды. Мұсылмандар мен қарлұқтар үлкен олжаға кенелді, ал тұтқындар Самарқанд пен Иракқа қағаз және жібек өндіру үшін жіберілді. Талас шайқасынан кейін қытайлықтар Орта Азияның тірлігіне араласуын қойды, ал арабтар жеңісіне қарамастан өз жерлеріне қайтты.

Арабтар мен үнемі соғысудың нәтижесінде түркеш қағандары әлсіреп, ақырында қарлұқтардан жеңіліп қалады, сөйтіп қарлықтар 744 жылы өз мемлекеттерін құрады. Аса ірі көшпенді және жартылай көшпенді Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның халықтары: тухси, шығылы, азкештер, түркештер, халаджы, шарұқтар, барысхандар.

766 жылдан бастап Талас - Тараз деп атала бастады. 893 жылы Исмаил Ибн Асад Таразды жаулап алып, ислам дінін қабылдатады. Осы соғыстан кейін Тараз - Бағдат, Каир, Дамаск қалаларымен тікелей байланыста болды. Осы оқиға туралы Бақытыр Әбіддаұлы Талас қаласының қалай Тараз болып тұрақталғанын былайша түсіндіреді: «Исмаил Самани (892-908 жылдар аралығында билік құрған) Талас өзенінің жағасындағы осы қаланы басып алған соң, бірде Талас, кейде Тараз атанған шаһар біржола Тараз атанып кетті...» [2, 284].

940 жылы қарлұқ мемлекеті құлайды, оның орнына қараханид мемлекеті келеді. XI-XII ғасырларда Қараханид мемлекетінің шекарасы Мауеренахрдан батыста Жетісу, шығыста Қашғарияға дейін созылып жатты. IX-XII ғасырларда Тараз гүлдене түсті. VIII ғасырда Тараз өз ақшасын шығара бастады, алғаш түркештің теңгелерін, кейін қараханидтің дирхемдерін.

XIII ғасырда Жетісу мен Орталық Азияның басына қара бұлт үйіріледі. Орта Азияны бағындыру үшін қарақытайлар, наймандар, хорезмшах Мухаммед өзара қырқысты. Тараз қолдан қолға өтті. 1212 жылы хорезмшах Мухаммед Таразды талқандайды. XIII ғасырдың ортасында маңғолдар басып алған кезде қала қайта құрылады, бұл туралы Гильом Рубрук жазбаларында айтады. Осы жылдары Тараздың дамығаны сонша ешкімнің қолдауынсыз Самарқандты өздері басып алады. Қаланың ішіне тастан жолдар, жер асты құбырын, көптеген мавзолейлер, оның ішінде Айша-биді, Бабаджа-Хатун, Қарахан т.б. соғады. Тараздың аты тек қана сауда орталығымен емес, түрлі-түсті металлургиясымен де шыға бастады. Бұл кезде Тараздың айналысында Жықыл, Төменгі Барысхан, Құлан, Меркі, бас-аяғы 26 қалалар мен ауылдар болды.

XII ғасырдың 1-ші жартысында қарақытайлар Жетісуды басып алды. 1211 жылы Күшлік хан қарақытайларды басып алады. 1220 жылы маңғол шапқыншылығы Тараз қаласын талқандады. Олар Тараздың атын Яны (жаңа) деп өзгертті. Қала қайта құрылды. Қытай ғалымы Чянь-Чунь 1221 жылы Янының қасынан өтіп бара жатып көрген көрінісін жазған: Шу мен

Таластың тұрғындары жібек өндеумен, шарап жасаумен айланысады. Жолдар жөнделіп, көпірлер соғылған. Бұл жылдары Тараз Шағатай ханның ұлысы Кайдудың астанасы болатын [3,100].

XIV ғасырда Шағатайдың ұрпағының арасында билікке талас туындайды. Сөйтіп Тараз тағы да шапқыншылыққа ұшырайды. 1513 жылы Тараз туралы ең соңғы деректе Қасым ханның осы қалаға жорығы жазылған. XVI ғасырда Тараз бен оның айналасындағы қалалар, соның ішінде Шу, Қозыбас, Қордай Қазақ хандығының құрамына кірді.

XVIII ғасырдың екінші он жылдығында Қазақ хандығының жеріне Жоңғарлардың көзі түсе бастайды. Кең жайылымдардан басқа, Қазақстанды Ресеймен, Шығыс елдерімен байланыстырып тұрған сауда жолдары оларды қызықтырады. Сонымен, 1723 жылы Талас пен Қазақстанның оңтүстік аймақтарын жоңғарлар шауып алып, 1755 жылға дейін билігін жүргізеді. Тарихта бұл шапқыншылық «Ақтабан шұбырынды» деген атпен қалған. Бұл шапқыншылықтан қазақтар мал-мүліктерін, жерлерін тастап, Ташкент, Ходжент, Ферғана, Самарқандқа қашады. Сол кездегі жағдай «Елімай» өлеңінде толығымен көрсетілген. 1731 жылы Кіші жүздің ханы Әбілхайыр хан батырларымен жоңғарларға соғыс ашып, көптеген жерді қайтарып алады.

Сонымен бірге, 1771 жылы Манғолияға көшіп бара жатқан қалмақтар жол-жөнекей қазақ ауылдарын тонап, қиратады. Осы мүмкіншілікті пайдаланып Қырғыздар Шу, Іле, Талас жерлерін басып алады. Абылай ханның бастауымен қырғыздар қуылып, 1774 жылы Таластың бойына Абылай хан қоныстанады. Тараздың орнына Яны қаласын соғып, Абылай ханның баласы Әділ басшы болып сайланды. Осы тұста қаланың аты Әулие-Ата болып өзгерді. Себебі Қарахан мавзолейінде Әулие-Ата, яғни Қараханидтердің басшысы Шах-Махмуд жерленген еді.

Осы тұрғыдан, он сегізінші ғасырда қаланың Әулиеата деп аталуына қатысты Д. Қыдырәли мен К. Кәтімханның «Тараз тарихы» еңбегінде қаланың бұлай аталуын Қарахан бабамен тікелей байланыстырады [4, 15].

Қала түркі әлемінің мәдени және діни дамуында маңызды рөл атқарды және ортағасырлық Орталық Азияның ғылыми жетістіктері мен мәдени өркендеуінің куәсі болды. Тараз-Талас өңірі ежелгі дәуірден келе жатқан тарих пен мәдени мұраны сақтай отырып, оны Қазақстандағы әртүрлі өркениеттердің тоғысқан жеріне айналдырады. Мұнда өткен барлық оқиғалар, қалыптасқан мәдениет пен салт-дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған. Талас шайқасы сынды тарихи оқиғалар орын алған, Қазақ хандығының іргесі қаланған, Шығыстың әлемге әйгілі Фирдоуси, Рудаки сынды ақындарының шығарма-шылығына ұйытқы болған киелі шаһарға тағзым етеді. Халқымыз оны «Әулие ата» деп атаған.

Әулие ата есімі бұл қаланың киелілігін, халқымыздың оған деген құрметін, сүйіспеншілігін білдіреді. Бұл есімдер жазылған тарихи естеліктермен бірге өткеннің рухани байлығын бүгінгі ұрпақты сақтауда маңызды рөл атқарады. Халқымыз Қожа Ахмет Йасауи атамыз сияқты Әулие атаны ерекше құрметтеп, жүрегінде ерекше орын алғаны сондықтан. Атасы Қараханның атын мәңгілікке қалдырған Қарахан әулие түркі даласында ислам діні алғаш нұр шашқан Қарахан мемлекеті тұсында өмір сүріп, оның тарихына үлкен ықпал етті деп санаймыз.

Ресей империясының подполковнигі М.Лерх 1864 жылы жазған жазбасында Рим папасының қаланың дамуындағы маңызды рөлін атап өткен. Халық арасында Лерх жинаған аңыздарға қарағанда, Рим папасы өз заманында ел билеген ұлы патша ретінде танылған. Генерал-майор 1864 жылы 2 маусымда Черняев жазған баяндамасында М.Қарахан әулиенің бұдан 700 жылдай бұрын өмір сүрген мұсылман билеушісі болғанын көрсетеді.

Бұл деректер Әулие атаның киелі мекен ретінде ғана емес, түркі әлеміне ислам дінінің таралуына, мәдени дамуына зор үлес қосқан тарихи тұлға ретіндегі маңызын одан әрі арттыра түседі. Оның өмірбаяны мен жетістіктері қазіргі Тараз қаласының мәдени мұрасын одан әрі тануда және ортағасырлық Орталық Азиядағы саяси және діни өзгерістерді зерттеуде маңызды рөл атқарады.

Орыс ғалымдары О.Прицак мен академик В.В.Бартольд сияқты зерттеушілер Қарахан әулиені шах Махмұд деп тануға күш салды. Халық аңыздарына негізделген жазба деректерде Қарахан әулие мен шах Мансұр әулиенің есімдері қатар кездеседі. Қарахан қожаларының шежіресінде Шах Мансұр Қарахан бабаның баласы деп жазылғандықтан, бұл мәлімет ойдан шығарылмаған.

Дәлірек айтсақ, Шах-Мансұр бүкіл Қарахан әулетін билеп, сол кезде әділетті қаған деп танылды. Ол Тараздың, Баласағұнның, Шаштың (Ташкент), Ферғананың, Өзкенттің, Хоженттің және Бұхараның толық әмірі болған құдіретті қаған. Оның інілері Тоған хан Ахмед пен Мұхаммед бин Әли оның билігін мойындап, билікті Мансұр ханға берді.

Сол себепті Қарахан әулетінің тарихын терең зерттейтін ғалымдар Мансұр ханның 1012/13-1024/1025 жылдар аралығындағы билігін ұлы қаған деп таниды. Оның билігі кезінде атақты Махмұд Ғазнауи дәуірімен Қарахан мемлекеті өзінің гүлдену кезеңін бастан кешіріп, мәдени-саяси дамуының шарықтау шегіне жетті. Бұл кезең Қарахан әулетінің тарихында ең жарқын және маңызды кезеңдердің бірі ретінде ерекше орын алады. Шығыс ақындарының поэзиясында Тараз Таластың аталып өтуі және олардың шығармаларында түрлі образдар мен теңеулер арқылы танылуы еліміздің саяси-экономикалық, мәдени жаңғыруымен қатар, білім мен ғылымның дамып келе жатқанына дәлел бола алады.

Махмуд ибн Вали сияқты деректерге қарағанда, Қарахан мемлекетінің астанасы болған Баласағұн қаласында 40 мешіт, 200-ден астам мешіт, 10 медресе болғанын түсінеміз. Бұл деректер Қарахан мемлекетінің ислам өркениетінің маңызды орталықтарының біріне қалай айналғанын көрсетеді. Олар қуатты заманда тақтан тайып, діни ұстанымдар мен имандылық жолын таңдап, жалған дүниеден алшақ болып, жеке діни бағытта өмір сүруі олардың халық арасындағы ерекше құрметіне себеп болды.

Абай поэзиясындағы «әділдік, мейірімділік, шапағат» қасиеттерінің барлығы халық арасында ерекше атақ-даңққа ие болып, қағанның әулие ретінде құрметтелуіне ықпал етті. Осы орайда шах-Мансұр сынды ұлы тұлғалардың жүрек сырын тек Аллаға бағыштап, кейінгі ұрпаққа әулие ретінде қастерленуіне толық мүмкіндік бар. Қарахан кесенесі – көне Тараз қаласының шетінде, сан ғасырлық тарихы бар мұсылман қорымының жанында орналасқан орта ғасырлардан мұра болып қалған бірегей құрылыстардың бірі.

1. Бұл кесене Қарахан әулеті мүшелерінің соңғы тынығу орны болып табылады және X ғасырда ислам дінін қабылдағаннан кейін осында адамдар жерленді, ал кейінірек Қарахан мен Шомансұр сияқты басқа да кесенелер салынды. Түркістан өлкесінің губернаторы 1870 жылдары Әулиеата қаласына жасаған сапарында Қарахан кесенесі жанындағы қорымдар бар екенін атап өтті [9, 5].

В.П. Денике зерттеулерінің «Орталық Азияның сәулет өнері» атты еңбегінде жарияланған Қарахан кесенесі мен оған жақын орналасқан зираттар Әулиеата қаласының тарихы мен мәдени мұрасының тереңдігін ашады. Бұл ескерткіштер ежелгі Тараздың ислам дінін қабылдауы мен Қарахан мемлекетінің мәдени өрлеуінің куәсі болған тарихи кезеңнің маңызын тануға мүмкіндік береді.

Қарахан кесенесі – көне Тараз қаласының шығыс бөлігінде орналасқан және бірнеше ғасырлар бойы пайдаланылып келе жатқан мұсылман қорымының жанынан салынған орта ғасырлардан бізге жеткен сәулет өнерінің айқын үлгісі. Қарахан кесенесі тұрған қалалық зират X ғасырда ислам дінінің қайта жандануына байланысты адамдардың соңғы демалыс орындарының бірі болса, Қарахан, шах-Мансұр сияқты кесенелер кейінірек салынған. Түркістан археологиялық әуесқойлар тобының мүшесі В. Панков кесене жай қабір емес, ежелгі дәуірдің маңызды ескерткіші дейді.

Онда екі мұнара сақталған, бірақ уақыт өте келе көптеген әшекейлер жойылғанымен, кесене өзінің салтанатты көрінісін әлі де сақтайды. Әдемі қытай кірпіш құрылымының сызықтық және үйлесімді орналасуы көзге түседі. Ескерткіштің төменгі бөлігінің кірпіштерде биіктігі алты метр шамасында крест тәрізді бейнелер бар [10, 15].

Кесененің негізгі құрылымы төртбұрышты және оның жоғарғы бөлігі күмбезбен жабылған.

Кесененің сыртқы қабырғалары заманауи кірпіштен тұрғызылса, ішкі бөліктері мен терезе ойықтары Қарахандар дәуірінен қалған кірпішпен қаланған. Кесененің оңтүстікке қараған алдың-ғы жағы мұнаралармен безендірілген. Кесенеге кіру үшін екі жағында үш геометриялық терезесі бар терең аркадан өту керек. Қабырғаларды безендіруде геометриялық сәндік өнерге ерекше көңіл бөлінеді. Сәндік түрлері шаршы, алмас тәрізді кірпіштерді өңдеу арқылы жасалған.

Бұл ерте кезден бастап сәулет ескерткіштерінде қолданылған әдістің бірі болып табылады. Орта Азия мен Қазақстанның көне сәулет ескерткіштерінен табылған, үшбұрыш және ромб түріндегі ою-өрнектерді пайдалану Қарахан кесенесінің сәулеттік ерекшелігін ашып көрсетеді.

Декорация түрі ерте заманнан сәулет өнерінде дәстүр болып, кейінгі тарихи кезеңдердің шығармашылық процесінде қолданылғаны сәулет ескерткіштерінің жаңа ашылуынан анық байқауға болады.

Қарахан кесенесінің негізгі қабырғалары бір-бірімен тамаша біріктірілген біртекті кірпіштердің жинақы дизайнымен безендірілген. Тік қатарлар тек үшбұрышты гауһар тастармен және композицияға динамикалық қуат беретін таңдамалы орналасуымен кесененің портал аймағында ғана қолданылады.

Оның кесененің негізгі бөлігінің қабырғаларымен үйлесімді байланысы кесененің архитектуралық құрылымына өрнектерді енгізуге және оны сәулеттік концепцияларға сәйкес бөлуге мүмкіндік берді.

Декор жеке сәулет элементтерін біріктіретін және олардың сәулеттік маңыздылығын айқын көрсететін көпіршік рөлін атқарады. Бұл сәулет өнерінің өзіндік ерекшелігін және оның тарихи мұрасының байлығын көрсететін өрнектер мен сәулет нысандарының байланыстары тамаша үйлесімі. Қабырғалардағы геометриялық өрнектермен жасалған әшекейлер ертедегі сәулет өнерінің жетістіктерін айқындайды және Орталық Азия мен Қазақстан аймақтарының бірегей сәулет ескерткіштерінің бірі болып саналады [11, 96].

Қазіргі уақытта кесененің орталық залында Тараздың ежелгі және бай тарихын егжей-тегжейлі баяндайтын «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мұражайы орналасқан. Бұл бейіт экскурсияның нысаны, көптеген шетелдік туристер келуінің себебі, қызығушылық тудыратын орын. Бізге мұра болып қалған сәулет өнерінің тамаша үлгісі, халқымыз қастерлейтін киелі мекен болған бұл ғимараттың тарихи-мәдени маңызын кеңінен насихаттау, оның бай мұрасын кеңінен насихаттау – қоғамымыздың алдындағы маңызды міндет.

Кесененің әрбір бөлігі, ішкі экспозициялар арқылы көрсетілген тарихи оқиғалар мен мәдени құндылықтар Тараз қаласының өткенінің куәгері болып, еліміздің мәдени мұрасын бағалап, келешек ұрпаққа жеткізуге септігін тигізеді. Осынау асыл жерлердің тарихы мен мәдениетін дұрыс көрсетіп, ұлттық мұраларымыздың бір бөлігі ретінде әлемге хабарлау – ұлттық мәдениетіміздің дамуына зор септігін тигізетін қызмет.

Қарахан есімінің шынайы мағынасын ашудың маңызы зор. Жалпы, көпшілік Қараханды билеушінің аты ретінде қабылдайды, бірақ бұл түсініктің қате екені анық. Қарахан атауы көне түркі тілінде «ұлы хан» немесе «бас хан» дегенді білдіреді. «Қар» сөзі «Ұлы» немесе «Көп» дегенді білдіреді, сондықтан «Қарахан» термині «Ұлы халықтың ханы» дегенді білдіреді. Осы ұлы ханға бағынатын хандар «илек» хандары деп атаған.

Осы тұрғыда Тараз қаласының орталығындағы бейітте «Әулие атанған Қарахан кім?» деген сауал бар. Сұрақтардың туындауы заңдылық. Бұл сұрақ Әулие ата есімді тұлғаның тарихи мәні мен оның Қарахан әулетімен байланысын тереңірек зерттеуге итермелейді. Қарахан атауының мәні мен тарихи маңызын ашу Тараз қаласы мен Қарахан әулетінің мұрасын дұрыс түсініп, бағалауға мүмкіндік береді.

X-XII ғасырлар аралығында Мәуеренахрдан бастап, шығыста Әмудария мен Сырдария аралығындағы Жетісу мен Қашқарға дейінгі ұлан-ғайыр аумақты билеген Қарахан мемлекеті болғаны белгілі.

Осы кезеңдегі елдің бірінші ислам дінін қабылдағаны, шын аты Абд әл-Керим болған Сатұқ Боғраханды Ибн әл-Асира (1160-1230) және Жамал Қарши (XIII ғ.) еңбектерінде кездестіруге болады. Аңыз бойынша, Сатұқ Бохрахан 96 жыл өмір сүрген және Қашқардан

солтүстік-шығысқа қарай 60 шақырымдай жерде жерленген. Демек, біз «Қарахан моласы» деп атайтын кесенеді Сатұқ Борахан болуы мүмкін [12,506].

Сонымен қатар, О.Причак пен О.Восфордтың «Мусулманские династии» зерттеушілер кітабында Қарахан шах-Махмуттың 1059 жылға дейін Таразды билегенін нумизматикалық деректермен дәлелдеген. В.Бартольд шах-Махмуттың қарақытайлықтарға қарсы талай шайқастарды басқарғанын, осы шайқастардан кейін Талас өзені бойындағы сансыз өлген жауларды жоқтап, дүниеге құштарлығын тастап, сопылық жолға түсіп, Құдайға табынғанын жазады өмірі-нің соңына дейін. В.Панковтың жергілікті тұрғын Абдолладан алған шежіресі де осы оқиғаларды растайды.

Бұл деректер Қарахан елінің тарихын, оның атақты билеушілерінің өмір тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қасиетті атамыздың атымен аталған Қарахан кесенесінің мән-мағынасы мен тарихи-мәдени мұрасына құрметпен қарау мәдени мұрамызды байытып, болашаққа құнды білім береді.

X-XII ғасырларда Орта Азияның кең байтақ жерлерін, Қашқардан Самарқан мен Бұқараға дейінгі аралықты үстемдік еткен Қарахан мемлекеті, тарихи әдебиеттерде ерекше орын алады. Осы кезеңдегі Қарахан әулетінің мұрагері Фатиманың қызы және Мұхаммед пайғамбардың немересі хазірет Әлидің күйеуі халифадан тараған қожайын әулетінен болғаны айтылады.

Оңтүстік Қазақстанның Созақ ауданындағы Баба ата елді мекені көпшілікке белгілі. Бұған қоса Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Бәйдібек баба, Алғабас өңіріндегі Ысқақ баб әулие сияқты тарихи тұлғалар Қарахан қожаның арғы аталары болып саналады. «Бап» термині араб тілінен «қақпа» деген мағынаны білдіреді, қазақ дәстүрінде «әулие» немесе «шапағатшы» деген мағынада кеңейгенін байқауға болады. Қазақтар арасында атасының әкесін «Баба» деп атау дәстүрі арабтың «бап» және гректің «папа» (әке) сөздерінен шыққан деген болжам бар.


Қытай зерттеушісі Гың Шимин Қарахан атауының этимологиясына қатысты түрік тіліндегі «қара» сөзінің бастапқы мағынасы «солтүстік жақты» болғанымен, уақыт өте келе мағынасы өзгеріп, «басқыш», «ең жоғарғы» дегенді айтады. «Бұл тұжырым көне түркі дәуіріндегі ресми атаулардың дамуын көрсетеді.

XIII ғасырдағы Жамал Қаршидың жазбаларында Сатұқ Бохрахан 96 жыл жыл өмір сүрген деп келтірілсе, В.Панковтың жазбасы бойынша шах-Махмуд 95 жыл өмір сүрген. Бұл екі адамның аттары әртүрлі болуы мүмкін, бірақ олар бір адам болуы мүмкін. Уақыт өте келе атаулардың өзгеруі тарихта жиі кездесетін құбылыс[10,16].

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, археолог Күзенбай Байбосынов Ташкенттегі мемлекеттік мұрағаттан алынған мәліметтерге сүйене отырып, Шамамудтың есімі 1897 жылы Әулиеата қаласынан алынған құжатта аталғанын хабарлайды. Құжатта Шамахмұттың лақап аты «Қарахан әулие» деп көрсетілген.

Осы деректерге сүйене отырып, Қарахан кесенесіне Қарахан мемлекетінің билеушісі шах-махмуд жерленген деген қорытынды жасауға болады. Бұл тұжырым Қарахан елінің тарихы мен мәдени мұрасын тереңірек тануға жол ашып, билеушілерінің өмірбаяндары мен қосқан үлестерін ашады.

Қарахандар тұсында Таразда және оның маңайында көптеген кесенелер мен әсем бейіттер бой көтерді. Солардың ішіндегі ең көрнектісі – Тараз қаласынан оңтүстікке қарай 20 шақырымдай жерде, Аса өзенінің жағасында орналасқан, екі құнды көне ғимараты бар Айша бибі ауылы. Сондай ғимараттардың бірі – тарихи тұлға Айшаның ескерткіші. Кесене өзінің сәулет өнері мен ою-өрнектерінің алуан түрлілігі мен бірегейлігін сақтай отырып, мәдени мұрасының бір бөлігін бүгінгі күнге жеткізіп отыр [1,114].



Қарахан кесенесі

Оңтүстік Қазақстан облысындағы басқа ескерткіштердің қатарында Айша Бибі кесенесі Қожа Ахмет Яссауи кесенесімен бірге Қазақстанда ғана емес, шетелде де үлкен маңызға ие. Археолог А.Н. Бернштамның XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы зерттеулері бойынша бұл ғимараттың XI-XII ғасырларда салынғаны расталды.

1897 жылы В.А. Каллаурдың, 1938 жылы А.Н. Бернштам мен 1943 жылы КСРО сәулет академиясынан келген көмекшілерінің жетекшілігімен 1953 жылы Қазақ ССР Ғылым Академия-сының экспедициясы жүргізген ауқымды зерттеулер бейіттің тарихи маңызын ашуға зор үлес қосты.

Айша Бибі кесенесінің авторы мен құрылысшысы әзірге белгісіз, бірақ бүгінгі таңда кесене тарихи-мәдени мұраны сақтауға арналған «Ежелгі Тараз ескерткіштері» қорығында орналасқан [8, 82].

Б.П. Деникениң айтуынша, Айша Бибі кесенесі Орталық Азия мен Қазақстан аумағындағы ең әйгілі ескерткіштердің бірі болып табылады. Бұл ескерткіштің айрықша ерекшелігі – оның безендірілуі, әсіресе Орталық Азия мен Қазақстанда кең тараған әшекейлеу әдісі. Айша Бибі кесенесі Бабаджа қатын кесенесінің жанында орналасқан және оның шығыс фасадтары бір-біріне параллель орналасқан. Мавзолейдің өлшемдері бағаналарды есепке алмағанда, сыртқы қабырға-лары 7.23x7.23 метр бойынша жоспарланған [11, 99].

